

3. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. – 2001 жылғы 24 желтоқсан – № 1685.

4. Батыс Қазақстан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар мәліметтері

УДК: 338.486.3 (5741)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

А. А. Есенова, магистрант

Ғылыми жетекші: **К. Г. Ахметов**, профессор

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Бұл мақалада автор Батыс Қазақстан аймағындағы туристік қызметтің даму жағдайын, туризм түрлері бойынша туристік ағын көлемінің өсімін, іске асырылып жатырған шараларды және осы саланы дамытудың жай-күйін талдау барысындағы мәселелерді қарастырған.

В данной статье автор рассматривает вопросы развития туристических услуг, их виды и приток туристического потока в Западно-Казахстанской области, а так же связанные с ним мероприятия.

The author considers the questions of the development of tourist services, its types and increase of tourist flow in West-Kazakhstan region, and also actions connected with this.

Қызмет көрсету саласында экономикалық дамудың басым бағыттарының бірі болып туристік сала табылады. Туризм белсенді демалыс, денсаулықты нығайту, бос уақытты тиімді пайдалану, мәдениет деңгейін жоғарылату және ой-өрісті кеңейтудің маңызды формасы, сонымен қатар жергілікті бюджет табысының перспективалық статьясы.

Батыс Қазақстан облысы туризмді дамытудың перспективті аймағы болып табылады. Себебі ол тамаша географиялық жерде орналасқан, Еуропа мен Азия арасындағы көпір бола тұра үлкен туристік әлеуетке ие. Қызмет көрсету мен демалыс инфрақұрылымы, тамаша табиғи ресурстар мен облыстың тарихи-мәдени объектілері туризмнің көптеген түрлерін дамытуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні облыста 19 орналастыру объектілері, 8 мұражай, 3 театр, 8 кинотеатр, 3 демалыс паркі, 240 клубтық мекеме, 400 кітапхана және басқа да объектілер қонақтарды қабылдайды. Туристерге «Атриум», «Галактика», «Урал», «Променад» сауда-ойын-сауық орталықтары, «Саяхат», «Шағала», «Пушкин», «Виктория», «Орал», «Құрмет» қонақүйлері, «Золотой Век», «Мерей», «Алматы», «Камелот» мейрамханалары қызмет көрсетеді.

Туристерде Шалқар көліндегі, Жайық, Шаған, Деркөл өзендері жағалауындағы демалыс аймақтары; «Парк-отель» демалыс базасы, «Мечта» кемпингі, «Еуразия» және «Атамекен» туристік-сауықтыру кешендері, «Ақжайық» емдеу-профилактикалық санаторийі, «Дельфин» спорттық-сауықтыру кешені үлкен сұранысқа ие. Туристер

тарихи-мәдени және архитектуралық ескерткіштерге, Көрме залына, Мәдениет және демалыс саябағына, Мұз айдыны сарайына, облыстық тарихи-өлкетану мұражайына, театрлар мен филармонияға қызығушылық танытады.

Облыста балалар-жасөспірімдер, танымдық, сауықтыру, экологиялық, іскери және т.б. сияқты туризм түрлері дамыған. Ат, су, велосипед, жаяу, экологиялық маршрут, аң аулау мен балық аулау сияқты туризмнің белсенді түрлері ерекше танымалдылыққа ие, сонымен қатар келесідей туристік маршруттар жасақталды: «Бөкей хандығына саяхат», Жайық өзені бойынша су маршруттары: «Шалқар көлі - далалық теңіз», «Жайықта - қалашық, Оралда - қала» және т.б.

Орал өңірінің көне жері тас пен қола дәуірінің тұрғындары, ғұндар мен қыпшақтар, қазақ хандықтары, соның ішінде Бөкей Ордасы, Е.Пугачев бастаған көтеріліс, Сырым Датұлы, Исатай Тайманов және Махамбет Өтемісұлы басшылығымен ұлт-азаттық қозғалыстар, өнер мен ғылым, мәдениет, әдебиеттің көрнекті өкілдері Құрманғазы, Дина, Мұхит, Ғарифолла Құрманғалиев, Жұбан Молдағалиев, Асан Тайманов, Сәкен Ғұмаров, Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова және көптеген басқа да тұлғалар туралы естелікті мұқият сақтайды. Мұнда орыс мәдениетінің ұлы тұлғалары Пушкин, Толстой, Жуковский, Короленко, Даль, Шаляпин, Тоқай, Шолохов өздерінің шығармашылығы үшін қалам тербетті.

Қазақстан Республикасында 2007-2011 жылдарға арналған туризмді дамыту мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2005 жылдың желтоқсан айында Батыс Қазақстан облысында 2006-2008 жылдарға арналған Батыс Қазақстан облысының туристік саласын дамытудың Аймақтық бағдарламасы қабылданып, жоспарлы түрде жүзеге асырылуда [1].

Қазіргі уақытта облыста 33 туристік ұйым, соның ішінде 3 туроператор және 27 туристік агенттік тіркелген.

2007 жылы облыстың туристік ұйымдары 16 мың адамға қызмет көрсеткен, бұл 2006 жылмен салыстырғанда 1,2%-ға артық. ішкі маршрут бойынша 2006 жылы

6 460 адам Астана, Алматы, Шымкент, Бурабай, Шалқар көлі бағыттарымен сапар шексе, 2007 жылы бұл көрсеткіш 13,9 %-ға, ал халықаралық маршрут бойынша Ресей, Мысыр, БАӘ, Түркия, Қытай, Польша, Германия елдеріне саяхат 42,6 %-ға өскен. (1 кесте).

1-кесте Батыс Қазақстан аймағындағы туризм түрлері бойынша туристік ағын көлемінің өсімі (адам.)

Маршрут	2006 жыл (адам)	2007 жыл (адам)	2006-2007 жж салыстырғандағы пайыздық (%) өсім	Негізгі бағыттар
Ішкі	7 960	9 248	13,9 %	Астана, Алматы, Шымкент, Бурабай көлі, Шалқар көлі
Халықаралық	3845	6700	42,6 %	Ресей, Мысыр, БАӘ, Түркия, Қытай, Польша, Германия.

Облыстың туристік саласының имиджін жақсарту мақсатында 2007 жылы Аймақтық бағдарлама шеңберінде 30 халықаралық және аймақтық маңызы бар шаралар өткізілді.

2007 жылдың шілде айында Қазақстан облыстары мен Ресейдің бес шекара маңы облыстары делегацияларының қатынасуымен Батыс Қазақстан облысында Халықаралық туристік жарнамалық тур өткізілді. Халықаралық жарнамалық тур жұмысына ресейлік және қазақстандық туристік операторлар, бұқаралық ақпараттық

құралдары мен туристік сала мәселелерімен айналысатын мемлекеттік органдар өкілдері қатынасты.

Жарнамалық тур шеңберінде «дөңгелек үстел» өткізілді. Мұнда «Туризмге инвестициялар», «Батыс Қазақстандық сақина» және «Балалар-жасөспірімдер туризмі - ішкі туризмнің негізін қалаушы фактор» біріккен жобасын жүзеге асыру» тақырыбында мәселелер талқыланды.

Қыркүйекте Атырау, Ақтау және Ақтөбе облыстары департаментімен бірігіп жасақталған «Батыс Қазақстандық сақина» облыстық жобасы жүзеге асырылды. Батыс Қазақстан қалаларының туристік әлеуеті мен мүмкіндіктерін зерттеу мақсатында туристік маршрут қатысушылары төрт қалада болды. Маршрут әр қалаға 2 күннен 8 күнге есептелген (Ақтөбе, Атырау, Ақтау және Орал).

Қазіргі таңда туристік фирмалар туристерді белсенді тарту үшін көбіне облыстың табиғи, тарихи, әлеуметтік-мәдени ресурстарын пайдаланады. Туристік ұйымдардың іс-қызметін үйлестіру жұмыстары жүзеге асырылады, оқу және ақпараттық семинар-кездесулер жүйелі түрде өткізіледі.

Туристерге қызмет көрсетудің статистикалық деректері көрсеткендей, 2007 жылы 9322 туристке қызмет көрсетілген, бюджетке салықтар мен басқа да төлемдер 2007 жылы – 763,8 теңге. Туристік фирмалардың қызметінен 2007 жылы 19110,5 мың теңге (2006 жылы – 13067,6 мың теңге) кіріс болды. 2008-2009 жылдары жылы туристерге қызмет көрсету ішкі нарық бойынша -38%-ға, сапарлық туризм бойынша -35%-ға, келу туризмі бойынша 15%-ға өседі деп күтілуде. 2008-2009 жылдары жылы туристік ұйымдардың саны 20-ға дейін өседі деп жоспарланса, салықтан бюджетке түсетін пайда орташа 25%-ға өседі. Әрине бұл факторлар демалушылар санын көбейтіп және туристік қызметтің өсуіне әкеледі [2].

Салаға жеке инвестициялардың қосылуы үшін, соның ішінде жақын және алыс шетелдерден, жағдайлар жасалмаған. Бұл жағдайды өзгерту үшін жергілікті атқару және өкілетті органдар тарапынан мақсатты бағытталған шаралар қолданылуы қажет. Осылайша, Батыс Қазақстан облысында туристік саланы дамытудың жай-күйін талдау барысында мынадай проблемалар анықталды:

1) экскурсоводтарды даярлау, туристік ұйымдар өкілдерінің біліктіліктерін арттыру мәселелері шешілген жоқ;

2) Шалқар көлі жағалауының демалыс аймағында және басқа басым туристік объектілерінде облыс тұрғындары мен шетелдік туристерге сервистік қызмет көрсетуге жағдайлар жасалмаған;

3) туристік - ақпараттық жұмыс жеткіліксіз дамыған;

Батыс Қазақстан облысында туризмді дамыту жөніндегі жоғарыда аталған міндеттерді шешу қажетті шаралардың қолданылуын талап етеді. Осы мақсатта туризмді дамытудың облыстық 2006-2008 жылдарға арналған Бағдарламасы дайындалып жүзеге асырылуда.

Бағдарлама сондай-ақ, мынадай мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

1) тартымды туристік объект ретінде Қазақстанның беделін орнықтыру;

2) ұлттық туристік өнім қалыптастыру және оның сапасын әлемдік деңгейге сәйкестендіруді қамтамасыз ету;

3) саланы мемлекеттік реттеудің оңтайлы әдістерін қолдау мен таңдау негізінде туризмді кешенді дамыту.

Қойылған мақсаттарға сәйкес бірінші кезектегі міндеттер мыналар: туризмде әлеуметтік-экономикалық өзгермелі жағдайларға, мақсаттарға, қағидаттарға, туристік қызметті жүзеге асыру міндеттеріне жауап беретін мемлекеттік реттеудің жаңа көзқарастар жүйесін қамтамасыз ету; мемлекеттің туризм саласында республикалық уәкілетті орган арқылы әрекет ететін басқарудағы, атқарушы органдар мен ұйымдар арасында өзара іс-қимылын реттеудегі рөлін күшейту; Қазақстан Республикасында

туризмді дамытудың нормативтік құқықтық базасын, осы саладағы мемлекеттік реттеу тетігін жетілдіру; туристік саланы кадрлық, ғылыми-әдістемелік, жарнама - ақпараттық қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау; туризмнің инфрақұрылымын дамыту, туризмнің материалдық базасын жаңғыртуға, жаңа объектілер құрылысын жандандыруға жәрдемдесу жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу; облыстың туристік өнімін туристік қызмет көрсетулердің әлемдік нарығына жылжыту; туризм саласында және қызмет көрсету салаларында шағын кәсіпкерлікті дамытуды, халықтың жұмыспен қамтылуын ынталандыруды қамтамасыз ету; инвестициялау және сала субъектілерін қаржыландырудың, несиелеудің басқа нысандары үшін жағдайлар жасау [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» – ПУАЖ – № 6. – 2007 ж.
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі жинағы – 2007 ж.
3. Региональная программа развития туристкой отрасли в Западно-Казахстанской области на 2006-2008 годы